



ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім
ауылының балабақшасы»

коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

4. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС БОЙЫНША ӨЗІНДІК ТАЛДАУ

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттің жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» педагогтарының күзіреттілігін арттырудағы басқару және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру балабақшаның жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Балабақша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасайтын болғандықтан тәрбиешілерді әдістемелік даярлау мәселесі үлкен еңбекті, білікті ойды, шығармашылық әрекетті қажет етеді.

Әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің заңнамалық және нормативтік құжаттарымен, балабақша жарғысымен және Мектепке дейінгі ұйымның жергілікті құжаттарымен тұжырымдалған. Мекеменің педагог қызметкерлерінің өздігінен білім алу табыстылығы әдістемелік қызметтің қолдауы мен төмегіне тікелей тәуелді болады, оның негізгі мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме рейтингін көтеру және сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсатында педагогтардың кәсіби біліктілік көтеруге жағдай жасау.

Әдістемелік жұмыс төмендегідей жұмыс бағыттары негізінде атқарылады:

- білім беру стандартын жүзеге асыру, бала қиялын дамыту негізінде жұмыс істеу жағдайындағы педагогтар іс-әрекетінің ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етілуінің тиімділігі;
- мектепке дейінгі кезең балаларының шығармашылық дағдыларын мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес дамыту мәселелерінің теориялық негіздері;
- ойын арқылы балалардың жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу;
- балалардың ойын әрекетіне деген әмбебап психологиялық алғы шарттарын қалыптастыру мақсатын әрбір балалармен бірлескен іс-әрекетте жүзеге асыру;
- бірлескен іс-әрекетті ойын түрінде, кіріктіре ұйымдастыру ерекшелігі;
- бірлескен іс-әрекетті ойын формасы негізінде ұйымдастыру ерекшелігі;

Осы бағыттар негізінде жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік кеңес қажетті дайындықпен мерзіміне сай өткізілді. Педагогикалық кеңестерге дайындық барысында мекеменің барлық педагог қызметкерлері мемлекеттік стандарттың жалпы ережелері мен талаптарын жүзеге асырды. Балабақшадағы әдістемелік жұмыстардың ең тиімді формалары семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстел, шеберлік сыныптар, семинар-тәжірибелер. Бұл жұмыс түрлері педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыруға, шыңдауға көмектеседі, барлық тәрбиешілердің белсенді қатысуы көзделеді. Семинарлар, тренингтер апта сайын меңгеруші жанындағы жедел және әдістемелік кеңесуде жалғасын тауып жатты. Өткізілген семинарларда алынған тапсырмалар баланың деңгейінде емес, үнемі педагогтарды ойландыруға, оймен әрекет етуге негізделіп отырды.

Сондықтан әр семинар педагогтар үшін жаңалыққа толы деп айтуға болады. Сонымен қатар «Күршім ауылының балабақша»-сында білім беру мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алатын ең жоғарғы ұйым – педагогикалық кеңес.

Бүгінгі күні педагог қызметкерлердің қабілетін дамыту және оларды іскерлік тұрғыда пікір сайысқа тарту үшін дәстүрден тыс қазіргі заманға сай, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, әр түрлі формада жүзеге асырылды.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына әдістемелік қызметтің негізгі бағыттары айқындалады. Педагогикалық ұжымның қызметі әдістемелік ұйымдастыруға бағытталған жұмыс оқу жоспарын қамтамасыз ету және оқу үдерісінің сапасын бақылау.

Әр оқу жылдарына жылдық жоспар жасалып, №1 педагогикалық кеңесте бекітіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» -на (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығына – қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы) және Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарларына сәйкес 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында 5 педагогикалық кеңес, 2025-2026 оқу жылының мамыр айына дейін жоспарлы түрде 4 педагогикалық кеңес өткізілді.

Сонымен қатар «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесіне (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 644 бұйрығы) сай 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында әдістемелік кеңес өткізілді.

Балабақша Қазақстан Республикасы Үкіметінің Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, нормативтік

құжаттарды негізге ала отырып жұмыс жасады.

Балабақша-бөбекжайының оқу жұмыс жоспарын жасауда төмендегі нормативтік-құқықтық актілер басшылыққа алынды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы),

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы),

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)

- «Мектепке дейінгі ұйымдармен және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы «09» шілдедегі № 59 бұйрығы)

- «ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» Әдістемелік нұсқаулық хаты (2023-2024, 2024-2025, 2025-2026).

-

2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу.

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабылеттерін Интеллектум және бестемше ойындары арқылы дамыту.
- ✓ балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын менгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.

Алдыға қойылған мақсат – міндеттерді орындау мақсатында төмендегідей педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жоспарланып өткізілді.

№1 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: 2023-2024 оқу жылында педагогтардың қызметін ұйымдастыру.

Мақсаты: Нормативтік – құқықтық құжаттама туралы педагогтердің білімін жүйелеу және жылдық міндеттерді шешуде әрбір педагогтің орнын анықтау, тәрбие – білім процесі әрекетінің нәтижелілігін және тиімділігін арттыру үшін ұжымның күш – жігерін біріктіру.

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері»

Мақсаты: тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтармен негізгі қағидаларды анықтау және үнемі назарда ұстау.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Ұлттық мәдениеті мен дәстүрлері арқылы рухани – адамгершілігі мол жас тұлғаны тәрбиелеу.

Мақсаты: Балалардың бойындағы ұлттық сана- сезімін, саяси сауаттылығын ояту маңыздылығын түсіну, рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың бағытын анықтау, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру.

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту»

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктері ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру, әдіс – тәсілдерін айқындау.

№5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Оқу жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы»

Мақсаты: Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есесбін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау.

Әдістемелік кеңес №1

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес №2

Тақырыбы: Жаңа әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету.

Жүргізілу түрі: конференция

Әдістемелік кеңес №3

Тақырыбы: Баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құнылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту

Жүргізілу түрі: Пікірталас

Әдістемелік кеңес №4

Тақырыбы: Жылдық тәрбиелеу мен оқытуда бағдарламаның жүзеге асуы

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жыл көлемінде жоспарланған уақытта ұйымдастырылып, өткізілді. Құжаттар жинақталған.

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу;
- Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту.

2024-2025 оқу жылында төмендегідей педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жоспарланып, өткізілді.

№1 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы»

Мақсаты: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы»

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»

Мақсаты: баламалы энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу;

№5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары».

Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу.

Әдістемелік кеңес №1

Күн тәртібінде:

1.- Перспективалық жоспарын талқылау;

-Циклограмманы талқылау

2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау

Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес №2

Күн тәртібінде:

1. тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру(Әдіскер)

2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру
Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес №3

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар

Әдістемелік кеңес №4

Күн тәртібінде

1. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама тәрбиеші Морланг К.В

2. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері

«Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп. Тәрбиеші Рустемова Ш.Т

2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаты: 2025-2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жолдарымен, мектепке дейінгі білім берудегі инновацияларды оқу – тәрбие жұмыстарында тиімді қолдана білу.

Міндеттері:

- Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы ортаның құрылуының маңыздылығы»
- Өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, «Жасыл балабақша» жобасын экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- МДҰ мен ата – аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Балабақшада ұлттық ойындардың әр түрлі элементтері арқылы бүлдіршіндердің ой – өрісін, шығармашылық білімдерін дамыту.

Төмендегідей педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жоспарланып, өткізілді.

№1 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: STEAM технологиясын топтарда қолдану «Дидактикалық ойындар»

Мақсаты: STEAM технологиясын қолдана отырып, балалардың танымдық құзыреттіліктерін арттыру, білуге және шығармашылыққа құштарлықтарын ояту.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Оқу жылының бірінші жарты жылдығына есеп беру».

Мақсаты: Үлгілік оқу бағдарламасын игерудегі балалардың біліктілік дейгейлеріне талдау жасап, дамыту жолдарын анықтау.

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «STEAM технологиясы арқылы балаларды жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру».

Мақсаты: Балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда STEAM технологиясының тиімділігін арттыру, педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру.

№5 педагогикалық кеңес – мамыр айына жоспарланған.

Әдістемелік кеңес №1

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау
4. «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-нің педагогтерінің әдістемелік құралдарына сараптама жасау.

Әдістемелік кеңес №2

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау.
2. Тілдік ортаны қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру.
3. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін талдау.

Әдістемелік кеңес №3

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар
3. Ағымдағы мәселелер

Әдістемелік кеңес №4

Күн тәртібінде:

1. Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары
2. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды ұйымдастыру және талдау
3. Ойын ортасын құрудың тиімді тәсілдері.

Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жыл көлемінде жоспарланған уақытта ұйымдастырылып, өткізілді. Құжаттар жинақталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына вариативті сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру «Күршім ауылының балабақшасы»-нда 2024-2025 оқу жылының бағдарламаға сәйкес вариативтік компонент жұмысы жүргізілді. 2024-2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап бейнелеу өнері педагогі штаты берілгеніне байланысты тәрбиеші Бердаулетова Г.К (0,25 бірлікте) қосалқы қызмет атқарды. 2024-2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап 2 ересек топтармен вариативті білім беру қызметі жүзеге асты. Баланың интеллектуалды дамуына оң әсерін береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық процестерін түзетеді, кеңістіктік ойлауды дамытады, өз ойларын еркін білдіруге үйретеді, эстетикалық сезімдерді, бейнелеу

дағдылары мен қолдың ұсақ моторикасын дамытады. 2024-2025 оқу жылына арнаған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылуы:

Ересек топта вариативтік компонент – аптасына бір рет «Сиқырлы саусақтар» шығармашылық шеберханасы;

2025-2026 оқу жылының қыркүйек «Балапан» ересек тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балдырған» ортаңғы топтарында, 2025-2026 оқу жылының қаңтар айынан «Қарлығаш» ортаңғы тобында вариативтік компонент жұмысы жүргізілді.

Ересек топта вариативтік компонент – аптасына бір рет «Сиқырлы саусақтар» шығармашылық шеберханасы;

Ортаңғы топта вариативтік компонент – аптасына бір рет «Сиқырлы саусақтар» шығармашылық шеберханасы.

Тәрбиелеу - білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- күн тәртібіне;
- ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне;
- тәрбиеленушілердің білімін бағалауына сәйкес бала дамуының

мониторингі негізінде жүзеге асырылды. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар болып табылады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер мен педагогтер (*қазақ тілі педагогі, дене тәрбиесі нұсқаушысы, музыка жетекшісімен*) бірлесіп жасайды.

2023-2024 оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестеге сәйкес перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиеленушілердің дамуы мониторингісі және жеке даму карталары топ тәрбиешілерімен қоса педагогтер (музыка жетекшісімен) құрастырды.

2023-2024 оқу жылында қазақ тілі педагогі, дене тәрбиесі нұсқаушысы штаты болмағандықтан тәрбиешілердің өздері аталмыш дағдыларды қамтамасыз етіп отырған.

2024-2025 оқу жылында да біліктілік талаптарына сай «қазақ тілі педагогі» жетіспеушілігі болды. Қазақ тілі ұйымдастырылған іс – әрекетінің міндеттерін топ тәрбиешілері жыл көлемінде қамтамасыз етіп отырды.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге қайтуына дейінгі барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етті.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары балабақшаның топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыру кезінде мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасы пайдаланылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар төмендегі қағидаттарға бағдарланды:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен тәсілдерінің өзгеріштігі мен қолданылуын ескерді.

Тәрбие - білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілді.

Педагог мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

Тәрбиелеу-білім беру үрдісін ұйымдастырудың тағы бір бағыты – МДҰ психологиялық, логопедиялық және дефектологиялық жұмыстар.

Психологиялық жұмыс, бала дамуын психологиялық және педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеуінен:

- мектепке дейінгі ересек балалардың қызығушылық бағыттарын зерттеу;
- шығармашылық ойлаудың даму деңгейін зерттеу;
- балалар ұжымының дамуы, олардың бірлескен іс-әрекет барысындағы қарым-қатынас жасау ерекшелігіне теориялық және қолданбалы зерттеу;
- білім берудің өтпелі кезеңдеріндегі балалардың интеллектуалдық және жеке тұлғалық даму деңгейі мониторингі;
- тәрбие мен білім беру үрдісінің әрбір кезеңінің нәтижесін анықтау;
- түзету немесе ақыл-ойымен жеке тұлғалық дамуында психотерапияны қажет ететін балаларды анықтау, олармен жеке жұмыс;
-

Педагогтар кәсіби құзырлығы мониторингі:

- педагогтың біліктілік мінездемесі моделін, оның кәсіби деңгейін қадағалау әдісін енгізу;
- педагогтардың зерттеу әрекетін игеру негізіндегі білімі мен біліктіліктерінің өсу деңгейін анықтау;

2023-2024 оқу жылында МДҰ психолог - дефектолог Курманғалиева А.Қ сәуір айынан декреттік демалысқа кетуіне байланысты құжаттары сәуір айына дейін ұсынылды.

2024-2025 оқу жылынан бастап психолог лауазымы бойынша 0,75 бірлікте - Мұратова Қ.Б қосалқы қызметкер ретінде жұмысқа тартылды. Қаңтар айынан бастап толық бірлікке штаттық қызметкер Далабай А.Б жұмысқа қабылданды.

2025-2026 оқу жылында толық бірлікте штаттық қызметкер Далабай А.Б жұмыс атқаруда.

Сондай ақ штаттық кестеге сай 2023-2024 жылы логопед лауазымы қарастырылмаған.

2024-2025 жылы 0,5 бірлікте логопед штаты ашылды. Бірақ маман тапшылығына байланысты бос ваканцияны көрсетті.

2024-2025 жылы 1 бірлікте дефектолог штаты ашылып, штаттып қызметкер Кәдірбек Ж.С жұмысқа қабылданды.

2025-2026 оқу жылына толық бірлікте штаттық қызметкер Кәдірбек Ж.С жұмыс атқаруда.

Балабақша-бөбекжайының отбасымен бірлескен іс-әрекетіне талдау

«Күршім ауылының балабақшасы» -ның отбасымен бірлескен іс-әрекетіне талдау жасайтын болсақ, білім беру үрдісіндегі қарым-қатынас - бұл саналы және саналанбаған вербалды байланыс, ақпарат алу мен беру, оның өзі барлық жерде және үнемі байқалып отырады.

Ата-аналармен өзара әрекеттестік:

- Конференция;
- Дөңгелек үстел
- Тренингтер мен отырыстар;
- Кеңестер.
- Іскерлік ойындар

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында жылдық жоспарға сай топтық, бақшаішілік ата-аналар жиналыстары өткізіліп, түрлі кеңестер берілді.

Жыл көлеміндегі жоспарға сай өткізілетін мерекелік ертеңгіліктерге де атсалысып отырды. Сонымен қатар ашық есік күндері, акциялар, спорттық сайыс ойындар да жоспарға сай жүргізілді. Атап айтар болсақ:

2023 -2024 оқу жылының қазан айында жоспарланған Кіші топтар үшін: «*Баланың балабақшаға бейімделуі*», Ортаңғы топтары үшін: «*Бала*

ағзасының дұрыс дамып жетілуіне тағамтанудың беретін ықпалы және оны екі жақты қолданудың маңыздылығы», Ересек топтары үшін: «4-5 жастағы балалардың даму ерекшеліктері» тақырыптарында, желтоқсан айында Кіші топтар үшін: «Тұмаудың алдын алу жолдары», Ортаңғы топтары үшін: «Бір жастан үш жасқа дейінгі балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыру», Ересек топтары үшін: «Баланың жан-жақты дамуы – отбасы мен балабақша бірлігі» тақырыптарында, мамыр айында Кіші топтар үшін: «Бүгінгі жетістік – ертеңгі болашақ», Ортаңғы топтары үшін: «Жылдық қорытынды», Ересек топтары үшін: «Қош бол, сүйікті балабақшам!» топтық ата-аналар жиналыстары өтілді. «Келіңіз, танысайық!», «Сұраныз жауап береміз» тақырыптарында жалпы бақшаішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Сондай – ақ «Аналар, әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» жоспары бойынша ай сайын ата – аналармен іс – шаралар жоспарланып өткізіліп отырады. «1- қазан – Қарттар күні» мерекесіне орай ата- апаларын құттықтау (бейнеролик), «Биші балақай» сахналық би сайысы, «Әжемнің ертегісі» іс – шара, «Өнегелі ана, өнерлі қыз» сайысы, «Әкелермен бірге қолөнер бұйымдар жасау» (бейнеролик), «Әке – асқар тау» дөңгелек үстел, «Менің отбасым» (бейнеролик байқауы) шаралар өткізілді.

2023-2024 оқы жылында балабақшаның аталмыш жылдағы жетістіктерінің бірі, ол қазан айында “Мектепке дейінгі мекемелерде пәндік - кеңістік, дамытушы ортаны ұйымдастырудағы заманауи тәсілдер” тақырыбындағы облыстық семинар-практикум ұйымдастырып, өткізілді. Семинарда стандарт талаптарына сай заттық дамытушы ортаны балалардың өмірлік дағдыларын дамытудың қайнар көзі ретінде жабдықтап, балалармен іс – әрекеттің ұйымдастырылуы көрсетілді. Бұл жерде де ата-аналардың жоғары белсенділікпен атсалысқандықтарын айтып өтуге болады. Осы жылдың ақпан айында әкелермен бірге «Әке – асқар тау» семинар – практикум өткізілді. Семинарға 50 әке қатысты. Семинар барысында әкелерге түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып, іскер ойындар ойнатылды. Әкелер белсене қатысып «Отбасындағы әкенің рөлі», «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» тақырыбында өз ойларын ортаға салып, талқылауға белсенді қатысты.

2024-2025 оқу жылының қазан айында кіші және ортаңғы топтар үшін: «Бал мекенім балабақшам», ересектер топтары үшін: «Жаңа оқу жылы: мақсаттар мен міндеттер» тақырыптарында, желтоқсан айында кіші топтар үшін: «Бақытты отбасы» және ортаңғы топтар үшін: «Отбасы тәрбиесінің маңызы», ересектер топтары үшін: «Баланың дамуындағы балабақша мен ата – ананың өзара байланысы» тақырыптарында топ жиналыстары өткізілсе, мамыр айында кіші топтар және ортаңғы топтар үшін: «Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі» (тренинг - ойын), ересек топтар үшін:

«Жылдық қорытынды» «Баланың даму нәтижелері және мектепке даярлығы» тақырыбында ата –аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар жалпы балабақшаішілік «Отбасы – тәрбиенің ұясы», «Балабақшада балалар қауіпсіздігін сақтау», «Ата –аналармен жылдық қорытынды» жиналыстарын өткізілді. Сонымен қоса «Қазақстан – Республикам менің!», «Менің отбасым», суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Сонымен қатар жоспардан тыс ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес жиналыстары өткізіліп, балабақша-бөбекжайдың тыныс-тіршілігі қаралды. Топтардағы кітап бұрышын жаңарту мақсатында «Кітап сыйла» акциясы еркін түрде жүргізілді. Дене тәрбиесі нұсқаушысы Мусина З.Н ұйымдастыруымен «Әкем және Мен» отбасылық сайысы ересектер топ балалары мен ата-аналары арасында өткізілді. Барлық қатысушылар мекеме меңгерушісі атынан алғыс хатпен марпатталды.

Сонымен қоса жыл көлемінде ұйымдастырылған «Алтын күз», «Жаңа жыл», «8-наурыз халықаралық аналар күні», «Әз, Наурыз», «9 - мамыр жеңіс күні», «Қош бол, балабақшам» атты мерекелік ертеңгіліктер өз деңгейінде өткізілді.

2025-2026 оқу жылында жоспарға сай қыркүйек айында кіші топтарда «Баланың балабақшаға бейімделуі» және орта топтар үшін: «Бал мекенім балабақшам», ересектер топ балалары үшін: «Бала дамуы – ата ана мен балабақша ынтымақтастығы», тақырыптарында, желтоқсан айында желтоқсан айында кіші топтар үшін: «Бақытты отбасы» және ортаңғы топтар үшін: «Бала біздің болашағымыз», ересектер топтары үшін: «Оқу – тәрбие жұмысының 1 тоқсанының жетістігі және кемшілігі. Мониторинг» тақырыптарында топ жиналыстары өткізілсе, мамыр айында кіші топтар және ортаңғы топтар үшін: «Баланың қауіпсіздігі ата – ана міндеті» ересек топтар үшін: «Жылдық қорытынды» «Баланың даму нәтижелері және мектепке даярлығы» топтық ата-аналар жиналысы өткізілсе, қазан айында «Жемістер шеруі» форматында «Күз мерекем, күз берекем» жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 6 топтың ата-аналары белсене қатысты. Әр топ тандалған жеміске байланысты командалық ат қойып, эмблемаларын қорғап, өнерлерін көрсетіп белсенділік танытты.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жыл көлемінде күн сайын «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі» , «Апта дәйексөздері», «Қауіпсіздік сабағы» шаралары апта сайын топтардың циклограммаларында жоспарланып өткізіліп отырады. Әлеуметтік жобалар бойынша «Күзгі асар» жәрмеңкесі, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» жапырақтардан бейне жасау көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. «Елімнің көркем бейнесі – табиғат аясында өлең оқу», «Тату отбасы», «Адалдық айнасы», «Менің ойыншығым» қалдық заттардан ойыншықтар жасау, «Ауламызды жинаймыз» челленджер өткізілді. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Тәуелсіздік және

отаншылдық», «Әділдік және жауапкершілік», «Бірлік және ынтымақ», «Заң мен тәртіп», «Жасампаздық және жаңашылдық» ата – аналарға арналған кеңестер өткізілді.

Сонымен қоса МДҰ медбикесімен бірлескен түрде «Мектеп жасына дейінгі балаларда салауатты өмір салты қажеттіліктерін қалыптастыру: ауру түрлерін талдау, балалардың балабақшаға ай сайынғы келуіне қорытынды жасау» тақырыптары бойынша талқыланып, қамқорлық кеңесі мүшелерімен кеңесу өткізілді. Балалардың рационалды тамақтануын қадағалау мақсатында 10 күндік ас мәзірінің бала денсаулығына тиімділігі (талдау, саралау) бойында брокераждық комиссия құрылып, бұйрықпен бекітілді.

Жылдық жоспарға сай ата-аналармен ынтымақтастық әрі қарай жалғасуда.

Ата-аналармен біріккен жұмысты әрі қарай жандандыру мақсатында мынадай міндеттер қабылданды:

- Адал Азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында балаларды Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар;

- Балаларға арналған танымдық-тақырыптық мерекелік іс-шараға ат салысу.

- «Буллинг – себептері және оның алдын алу» тақырыбында ата-аналар сауаттылығын көтеру.

- «Instagram» желісіне салынған іс-шараларға қолдау көрсету, пікір қалдыру.

Балалардың денсаулығын нығайту бойынша атқарылған жұмыстарға талдау

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2024-2025 оқу жылында жылдық жоспардың «Балалардың өмірі мен денсаулық қауіпсіздігі» бөлімінде көрсетілген іс-шаралар арқылы жүзеге асырылған.

Атап айтар болсақ:

- Ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қызметкерлер мен балаларға өрт қауіпсіздігі бойынша тұрақты оқытуды өткізу;
- Қауіпсіз жүру жолдарын ұйымдастыру;
- Балаларға жол жүру ережесін үйрету;
- Үнемі эвакуациялау жаттығуларын өткізу;
- Балалардың серуендеу кезінде ересектердің еріп жүруін қамтамасыз ету;
- ұйымдастырылған іс-әрекет қызметтерін, серуендеуді, ұйқы, тамақ ішуді ұйымдастырудағы міндетті түрде күн тәртібін сақтау;

- барлық топтарда желдету кестесін сақтау;
- барлық топтарда су ішу тәртібін сақтау;
- Қызметкерлерге алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін үйрету;
- нүктелі массаж жасау, шынығу элементтерін күнделікті қолдану.

Спорттық іс- шаралар өткізу;

- Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Тамақ өнімдерін гигиеналық өңдеуге жағдай жасау.
- Қызметкерлерді тамақты сақтау және дайындау ережелеріне үйрету.
- Тұрақты санитарлық тексерулер жүргізу;
- Өрт қауіпсіздігіне түсіндірме жұмыстарын жүргізу
- Эвакуациялау жұмысары.

Балалардың денсаулығын нығайту:

1. «Дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті;
2. «Денсаулық күніне» арналған іс-шаралар;
3. Ойын-сауық шаралары;
4. Медико-педагогикалық бақылау;
5. Күнделікті күн тәртібі;
6. Рационалды тамақтандыру.
7. Мектепке дейінгі балалардың өмірін қауіпсіздендіру бағытындағы жұмыстар негізінде жүзеге асырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында педагог қызметкерлер балалардың дене бітімінің дұрыс дамып қалыптасуына және олардың өздеріне қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға басты назар аударады.

Жыл көлемінде «Дене тәрбиесі» бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерге бақылау жасалып, әдіскер тарапынан бақылау журналына толтырылады. Нәтижесінде топ тәрбиешілеріне және педагогтерге ұсыныстар беріледі.

«Денсаулық күніне» арналған іс-шаралар бойынша: дене тәрбиесі нұсқаушысы Мусина З.Н ортаңғы топтың балаларымен *«Қазынаға апарар жол»* ашық ұйымдастырылған іс - әрекет, *«Шынықсан шымыр боласын»* эстафета *«Қарлығаш»*, *«Құлпынай»* ересек топтар, *«Тәуелсіз елдің ұланымыз»* әкелер мектебі *«Айгөлек»* ортаңғы топта, *«Қарлығаш»* ересек топ балаларымен *«Қысқы квест ойындары»* атты іс-шаралар өткізді. «Ұлттық спорт күні» барлық топтарымен, «Айгөлек» ортаңғы топ балаларымен *«Спорт – денсаулық кепілі»* таза ауада эстафеталық жарыс өткізілді.

Бұл іс-шаралардың мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қызықты эстафеталық ойындар арқылы олардың икемділік, ептілік, шапшаңдылық, төзімділік сияқты қабілеттерінің дамуына ықпал ету.

Балабақша медбикесі Колдешева М.М., дене тәрбиесі нұсқаушысы

Мусина З.Н санитарлық және гигиеналық сақтандырулармен қоса дене және психикалық жайлы жағдайлар туғызылып, әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары мен 4 жасқа дейінгі балаларға қажетті негізгі екпе жұмыстары, дәрігерлік бақылаулар, қанның аздығы, дифтерия, тұмау, жұқпалы аурулармен күресу, жыл көлемінде балаларды дәрумендендіру, жалпақтабандылықтың алдын алу профилактикалық жұмыстары айқындалып, жүзеге асырылып, қажет кезінде бала өмірін қауіпсіздендіруде аталған шараладың пайдасы жайында ата-аналардың жеке сұрақтарына жауап, кеңестер беріліп отырылды.

Жыл көлемінде созылмалы аурулар, олардың алдын алу, бала гигиенасы және тамақтануы жайлы жадынамалар, маусымдық ауысымдарға байланысты ата-аналарға кеңестер барлық топтардың қабылдау бөлмесінде ата-аналар назарына ұсынылып отырылды.

Медико-педагогикалық бақылау: Мектепке дейінгі ұйым басшысының бекіткен «Қызметкерлер тізімі» бойынша балабақшаның барлық қызметкерлері медициналық байқаудан өтілген.

Топ тәрбиешілері фильтрлі журналды уақытында толтырып, балалардың жеке бас гигиенасын сақтау бойынша ата-аналарға жеке кеңес беріп отырады.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша созылмалы ауру, анемия, жүрек, қан тамырлар жүйесі және неврологиялық ауру түрлерімен ауыратын балалар тіркелмеген.

Үздіксіз берілетін «Дәрумен» салаттары, кисель, немесе жеміс сусынына қосылып берілетін «С» дәрумені, үздіксіз берілетін «Ревит» дәрумені балалардың денсаулығын нығайтуға септігін тигізеді.

Күнделікті күн тәртібінің сақталуы:

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай әрбір топтың режимдік кезеңдері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің 09.07. 2021 жылғы ҚРДСМ-59; СанПин талаптарына сай МДҰ меңгерушісімен бекітілген «Күн тәртібі» негізінде жүзеге асырылды.

Күн тәртібін сақтау – балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және сақтау, оны салауатты өмір салтына тартуға, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз етуге зор үлесін қосады. Баланың мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша білім беру бағдарламаларын меңгеруге жағдай жасалады.

Рационалды үйлесімді тамақтандыруды ұйымдастыру:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тамақтандыруды ұйымдастырудың нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету, сондай-ақ тамақ өнімдеріне қаражаттың жұмсалыуына бақылауды күшейту мақсатында «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы» және тәрбиеленушілерін сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында «Бракераж комиссиясын құру туралы» туралы бұйрықтар шығарылып, ата-аналар қауымдастығы өкілі

бақылап отырады. «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру мониторингі»-нің кестесі бекітілген.

Сонымен қоса 2024-2025 оқу жылында ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК бракераж комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ бекітілген.

Рационалды үйлесімді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында 10 күндік ас мәзірі жасалып бекітілген. Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдауды ҚРДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға 8 қосымша 1-нысанына сәйкес тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының бракераж журналына деректерді енгізе отырып, олардың сапасы және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары алынған. Тамақтандыру арасындағы интервал 3,5-4 сағаттан аспайды. Тамақтың сапасы жоғары, көкөніспен, жемістермен, етпен, шырынмен, сүт өнімдерімен, толығымен қамтамасыз етілген, мөлшері сақталады. Балабақшада балаларға төрт уақыт ас беріледі.

2023-2024 жылдың қазан айында облыстық *«Мектепке дейінгі мекемелерде пәндік – кеңістік, дамытушы ортаны ұйымдастырудағы заманауи тәсілдер»* тақырыбындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының педагогтеріне арналған семинар-практикумды ұйымдастырып, өткізілді. Семинар барысында педагогтеріміз заттық- дамытушы ортада балалармен ұйымдастырылатын іс - әрекеттерінен іс – тәжірибелерімен бөлісіп, Сертификат иеленіп, Алғыс хатпен марапатталды. Семинарға қатысушылар: облыстың әр өңірінен келген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың меңгерушілері, әдіскерлері мен педагогтары. 2024-2025 оқу жылында *«Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс – әрекетінде жасанды интеллектіні пайдалану жолдары»* тақырыбында аудандық семинар ұйымдастырылып, өткізілді. Семинар барысында педагогтер қазіргі заман талабына сай мектепке дейінгі ұйымда оқу – тәрбие үрдісіне жасанды интеллект элементтерін қосу жолдарымен таныстырып, өз іс – тәжірибелерімен бөлісті. Сертификат иеленіп, Алғыс хатпен марапатталды. Семинарға қатысушылар: ауданның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіскерлері мен педагогтары.

2024-2025 оқу жылында **«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»** мемлекеттік мекемесінің 03.02.2025 жылғы №36 БҰЙРЫҚ негізінде 2025 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың Құзіреттілік орталықтарының қызметі туралы:

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №2 қаулысымен бекітілген ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру мақсатында Мектепке дейінгі ұйымдарда құзіреттілік орталығы ШҚО ББ Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-на өсу нүктелеріне бекіту схемасы

бойынша ұсынылды:

- 1.ШҚО ББ Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің №5 орта мектебі КММш.о
- 2.ШҚО ББ «Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Болашақ» балабақшасы КМҚК
- 3.ШҚО ББ «Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Сарөлең орта мектебі» КММ ш.о бекітіліп берілді.

2024-2025 оқу жылында наурыз-мамыр айларына жылдық жоспар жасалып, 2025-2026 оқу жылыны жылдық жоспар жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша аудандық білім бөлімімен жоспарға сәйкес өсу нүктелерімен тренингтер, шеберлік сағаттары, дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері өткізіліп, жұмыс атқарылуда.

Облыстық байқаулар:

Педагог қызметкерлер, соның ішінде топ тәрбиешілері жыл көлемінде түрлі сайыстарға қатысып, өздерінің шығармашылық білім-біліктерін шыңдап отырды. Сондай тәрбиешілердің бірі Қондыбаева Айжан Қайларқызы ерекше атап өтуге болады. Айжан Қайларқызы 2023-2024 оқу жылы ұйымдастырылған облыстық «*Үздік балабақша тәрбиешісі*» байқауына қатысып, жүлделі ІІІ-ші орынға ие болды. 2024-2025 оқу жылында тәрбиеші Рустемова Шынар Төлеуханқызы облыстық «*Үздік балабақша тәрбиешісі*» байқауына қатысып, жүлделі ІІ-ші орынға ие болды. Тәрбиеші Бердаулетова Г.К «Мен зерттеушімін» байқауынан облыстық кезеңнен 1-орын алып, республикаға жолдама алды. Тәрбиеші Кәмалова Ж.Б «Мен зерттеушімін» республикалық байқауының облыстық кезеңіне белсенді түрде қатысып, жүлдегер дайындағаны үшін «ORKEN» орталығының алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар балабақша әдіскері Адылбекова А.А және тәрбиеленуші Алибекова Айзере Қазақстан Республикасы Ерте дамыту институты ұйымдастырған «Әже, анам және мен» конкурсына қатысып, республикалық кезеңге жолдама алды. Республикалық кезеңде Ерте дамыту институтының Алғыс хатымен марапатталды.